

Торғай облысының ауыл шаруашылығы өндірісінде "Росконтракт" Федеральдық контракт корпорациясы" Россия акционерлік қоғамы инвестицияларының жобасын мемлекеттік қолдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 21 мамыр N 621

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығына шет ел инвестицияларын тарту, республиканың ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын дамыту, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру мақсатында және "Шет ел инвестициялары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Астық және өзге де ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен ұқсату үшін жағдайлар жасауға бағытталған ұйымдастырушылық және басқарушылық шаралар кешенін жүргізе отырып басты міндеті Державин, Есіл, Жақсы, Қима және Октябрь аудандарының ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына шет ел инвестицияларын тарту болып табылатын инвестициялық жобаны Қазақстан Республикасының Торғай облысында жүзеге асыру жөніндегі Торғай облысы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің және "Росконтракт" Федералдық контракт корпорациясы" Россия акционерлік қоғамының (бұдан былай - "Росконтракт" корпорациясы) бастамасы мақұлдансын.

"Росконтракт" корпорациясы шет ел инвесторы (шет елдік заңды ұйым) болып табылады, тиісті кепілдіктерді шектеусіз пайдаланады және Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдарда көзделген шет ел инвесторларына ұлттық режим беру принципіне сәйкес іс-әрекет етеді.

2. Торғай облысының аталған аудандарында инвестициялық жобаны жүзеге асыру шет ел капиталын тарту, сондай-ақ жоба шеңберінде инвестордың ауыл шаруашылығы өнімдерін сатудан алған пайдасының бөлігін өндірісте қайта инвестициялау негізінде атқарылатын болады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті және Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті "Росконтракт" корпорациясымен бірлесіп тиісті облыстардың әкімдерімен ұсыныстарды алдын ала келісе отырып Торғай және оған жақын облыстардың қызмет көрсетуші және ұқсатушы кәсіпорындарын оларды ауыл шаруашылығы өндірісі мен ауыл шаруашылығы өнімдерін ұқсату үшін пайдалану және аймақты өнеркәсіптік өндіріс өнімдерімен, тамақ өнімдерімен жабдықтау жөніндегі сауда жүйесін жасау, сондай-ақ инвестордың өзге де мұқтаждарын қамтамасыз ету мақсатымен "Росконтракт" корпорациясына жалға беру, сату немесе сенімді басқаруға беру жөніндегі

ұсыныстарды қарайтын болсын.

4. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Торғай облысының әкімі ауыл шаруашылығы өндірушілермен және "Росконтракт" корпорациясымен бірлесіп қазақстандық депозитарда ипотекалық шарттардың (ипотекалық куәліктердің), кепілдік келісімдердің, ипотека мен кепілдікке байланысты өзге де құжаттардың міндетті түрде сақталуын көздей отырып жылжымайтын және басқа да мүлік кепілдігінің ипотекасы келісімдерінің шарттарын, оларды хаттау мен тіркеу тәртібін белгілесін.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне аталған жоба шеңберіндегі инвестициялық шараларды қаржыландыру үшін қажетті қаржы институттарын, өкілдіктері мен банктерін құруда "Росконтракт" корпорациясына жәрдем көрсету ұсынылсын.

6. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті "Росконтракт" корпорациясының және оның кәсіпорындарының мұқтажына арналған материалдық және қаржы ресурстарын әкелу мен әкету кезінде Кеден одағы туралы Келісім нормаларының сақталуын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі